

## **"Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 44 қаулысы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген мемлекеттік орган туралы үлгілік Ереженің негізінде Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер Эталондық бақылау банкіне қосу үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" Республикалық мемлекеттік кәсіпорынына жолдансын;

осы қаулы Ақтоғай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

3. Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" № 284 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. З. Арынов*

Ақтоғай ауданы  
әкімдігінің 2025  
жылғы 28 ақпандағы  
№ 44 қаулысына  
қосымша

## **"Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) Ақтоғай ауданының халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшылық ететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің қарамағында ұйым бар: "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы нормативтік актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мемлекеттік мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 140200, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 79.

10. Мемлекеттік мекеменің жұмыс режимі: дүйсенбі-жұма сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

11. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение "Отдел занятости и социальных программ Актогайского района".

12. Мемлекеттік мекемесі құрылтайшысы Павлодар облысы Актоғай ауданының әкімдігі атынан мемлекет болып табылады.

13. Осы Ереже мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. Мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес аудандық бюджеттен жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. "Актоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мақсаттары мен өкілеттіктері**

16. Мақсаттары:

1) аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға және мұқтаж азаматтардың басқа да жекелеген санаттарына әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) халықты әлеуметтік қорғау саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын іске асыру;

3) азаматтардың құқықтары мен олардың мүдделерін, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мемлекеттік кепілдіктерді қорғау;

4) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша хабардар ету.

17. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- әкімдіктің және аудан әкімінің қарауына дамудың негізгі бағыттары, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы проблемаларды жедел шешу бойынша ұсыныстар енгізу;

- мемлекеттік мекемесі алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан, ұйымдардан және азаматтардан белгіленген тәртіппен ақпарат сұратуға және алуға;

- мемлекеттік мекемесі құзыретіне кіретін мәселелер бойынша белгіленген тәртіппен семинарлар мен кеңестер өткізу;

- өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасасу.

## 2) Міндеттері:

- Мемлекеттік мекемесі жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету.

### 18. Функциялары:

1) аудандағы жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау облыстың жергілікті атқарушы органына халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша өңірдің еңбек нарығының жай-күйі туралы хабарлау;

2) облыстың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

3) жұмыспен қамтудың өңірлік картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;

4) ұлттық жобалар, облыстың даму жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асыру;

5) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы ауданда жұмыс орындарын құруды қолдау;

6) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау жөнінде облыстың жергілікті атқарушы органдарына ұсыныстар енгізу;

7) жұмыс орындарын босату және қысқарту тәуекелдері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асыру;

8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек ұтқырлығы орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;

9) бөлімнің қарамағындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді құру және олардың қызметін қамтамасыз ету;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуын қамтамасыз ету;

11) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді кадрлық қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

12) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

13) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі қызметтерді орналастыру;

14) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

15) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

16) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсету және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіру;

- 17) жеке бағдарламаға сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;
- 18) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;
- 19) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедек адамдар үшін жеке көмекшіні, есту қабілеті нашар адамдар үшін жестау тілі маманын қызметтермен қамтамасыз ету;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмектің қосымша шараларын ұсыну;
- 21) өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдарды (отбасыларды) мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде жан-жақты қолдаумен қамту жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- 22) тұрмыстық зорлық-зомбылық белгілері бар адамдарға уақытша тұратын жер беру бюджет қаражаты есебінен, аудандық әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті органдардың жолдамасы негізінде адамның (отбасының) нақты орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.
- 23) үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 24) тиісті әлеуметтік көмек көрсету үшін ардагерлер мен "Ардагерлер туралы" Заңның күші қолданылатын адамдардың есебін жүргізеді;
- 25) мүгедектігі бар адамдарды оңалту және оңалту жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөлігінің орындалуын мониторингілеу;
- 26) уәкілетті орган ретінде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) азаматтарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық органының функцияларын жүзеге асыру;
- 27) әлеуметтік және еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін реттеу жөніндегі ұсыныстарды іске асыру, сондай-ақ өз құзыреті шегінде әлеуметтік әріптестік жөніндегі аудандық үшжақты комиссияның жұмысын қамтамасыз ету;
- 28) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін және тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 29) атаулы әлеуметтік көмек пен басқа да әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 30) тұрғын үй көмегін көрсету;
- 31) жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;

32) жеке және заңды тұлғалардың жазбаша және ауызша өтініштерін қарау.

33) мемлекеттік және ведомстволық есептілікті жасау, оларды бағыныстылығы бойынша ұсыну, белгіленген тәртіппен бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізу;

34) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету;

35) біржолғы өтемақы тағайындау және куәлік беру үшін Семей ядролық сынақ полигонының әсерінен зардап шеккен адамдарды тіркеуді және құжаттарды ресімдеуді жүзеге асырады;

36) Ақтоғай ауданының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін еңбек эмигранттарға рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу;

37) мекен-жайы бойынша үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету көлемі мен талаптарын белгілей отырып, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы функцияларды жүзеге асыру болып табылады. көрсетілетін қызметті алушылардың тұрғылықты жері, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету және тоқтату шарттары.

38) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

39) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде ауданның жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### **3. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

19. Мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысын "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

21. Мемлекеттік мекеме басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің өкілеттіктері мен міндеттерін айқындайды.

2) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында

белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлерін көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

4) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік мекеменің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

5) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына және "Мемлекеттік мүлік туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес меншік нысанына қарамастан барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің атынан өкілдік етеді;

6) мемлекеттік мекеменің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, оның қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

7) ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының қатысуымен кеңестер өткізеді;

8) мемлекеттік мекеменің құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік мекеменің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және ол үшін дербес жауапты болады ;

11) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады.

22. Мемлекеттік мекеме басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

23. Мемлекеттік мекеме мен коммуналдық мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (ауданның жергілікті атқарушы органы) өзара қарым- қатынастары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

24. Мемлекеттік мекеме мен тиісті саланың уәкілетті органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнамасымен реттеледі.

25. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес айқындалады.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттер мен мемлекеттік орган басшысының тапсырмаларының уақытылы және толық орындалуына жауапты болады.

#### **4. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекеменің мүлкі**

27. Мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

28. Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату**

31. Мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.